**«Ақпараттық жүйелер» бөлім жиынының**
**№2а ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқандар саны:** 24
**Өткізілген уақыты:** 04.11.2024ж.
**Өткізілген орны:** 222 каб

<u>**Күн тәртібінде:**</u>

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы талқылау;
2. Әрүрлі мәселелер.

<u>**Тыңдалды:**</u>

Бөлім меңгерушісі Ә.Нұрбекова ҚР «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, ҚР Президентінің 2022 жылғы 2 ақпанындағы №802 Жарлығымен бекітілген ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары негізінде жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша колледжде арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, тапсырмалар мерзімінде жүзеге асыру, құжаттармен рәсімделуі мен әлеуметтік желілерде кеңінен жариялануды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуі қажет екендігі түсіндірді. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамамен таныстыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жұмыстарын жүргізу, заңсыз ақшалай қаржы жинаудың алдын-алу және академиялық адалдық мәселелеріне арналған «Адалдық сағатын» мен студенттер арасында пікірталас турнирлерін ұйымлдастыру, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша педагогикалық құрам мен білімалушыларды ақпараттандыру құжаттармен рәсімделуін қадағалау туралы айтылды.

Сонымен қатар, академиялық адалдық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша және ҚР «Білім туралы» Заңының 51 бабының 7,8 тармақтарына сәйкес педагогтердің әдеп қағидаларын сақтау, білімалушылардың, ата-аналардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екендігі туралы, колледж қызметкерлері мен оқытушыларға түрлі себептермен мерекелік іс-шараларға, оқу орнына қажетті кеңсе заттары мен шаруашылық заттарын алдыруға, сондай-ақ ақша жинау және тағы басқа мақсатта ата-аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесіне қатаң тиым салынатындыған атап айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Call-орталығы, ҚР бас прокуратурасының 115 Call-орталығы, Шымкент қаласы білім басқармасының 39-4926 Call-орталығының колледж

кіре берісіндегі арнайы тақтайшаларда ілшінгендігі жөнінде білім алушыларды хабардар етуді топ жетекшілеріне тапсырды.

Жиналыс соңында бөлім меңгерушісі педагогтер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын үнемі бақылауға алуды, Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні жөнінде, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптетерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатынын, оны жеке-дара іске асыру мүмкін еместігі, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керектігін айтты.

**Қаулы:**

1. Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру назарға алынсын;
2. Бөлім білімалушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесіне қатаң тиым салынсын;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы хабарламалар үшін Call-орталықтар туралы түсіндірілсін.

**Төрағасы:** **Ә.Нұрбекова**

**Хатшы:** **С.Абишева**




Интерактивные технологии